

Бекітемін:
«Әсем» бөбекжай
балабақша меңгерушісі
_____ Ә.Т.Дөнен

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша)	«Әсем» бөбекжай балабақша				
Топ/сынып	Ересек топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы	«Балдаурен» Бала саны 25				
Балалардың жасы	4 жасар балалар				
Педагогтің аты- жөні	Ермек Мадина Сарсен Жұлдыз				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	21.11-25.11.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				

<p>Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру</p>					
<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығында ретсіздікті көре білу.</p>	<p>"Төсектерді салуға күтушіге көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмек көрсетуге ынтаны тәрбиелеу; жұмысқа ниеттенуді, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу.</p>	<p>"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегіне күтім жасау бойынша біліктері мен дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету бойынша дербестігі мен дағдыларын дамыту.</p>	<p>"Бөлме өсімдіктерін суғару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қаншалықты қажет ететіні туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатындығын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауды,</p>	<p>"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету: шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлықты, тәртіпті сақтауды, ұжымда бірігіп еңбек етуді үйрету.</p>

				оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	
	<p>"Суретті жина". Дидактикалық тапсырма. "Дана және оның достары!" Ойын ережелері: конвертті таңдап алып, сурет қиындыларын жинайды. Суретті жылдамдыққа жинайды. Ойын әрекеті: бөлшектерді іздеу, болжау. (танымдық дағдылар)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Не артық?» Әр баланың алдына жемістер мен көгөністер араласқан суреттер беріледі. Арасынан артығын тауып, оларды атау ұсынылады. Балалар жемістер мен көгөністерді ажыратады. Мысалы: алма, анар, лимон, орамжапырақ. Мұнда орамжапырақ артық. Орамжапырақ көгөністерге жатады, қалғаны жемістерге жатады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>Саусақ жаттығуы. Бір дегенің - білеу, Екі дегенің - егеу, Үш дегенің - үскі, Төрт дегенің - төсек, Бес дегенің - бесік, Алты дегенің - асық, Жеті дегенің - желке, Сегіз дегенің - серке, Тоғыз дегенің - торқа, Он дегенің - оймақ, Он бір - қара жұмбақ. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдауды үйрету, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру.</p>
Таңертеңгі жаттығу	<p>Жалпы дамыту жаттығулары 1.Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.2. Қолды алға көтеру.</p>				

	<p>1.3. Саусақарын бүгу, қолдарын айналдыра қимылдау.</p> <p>1.4. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, қол белде.</p> <p>2.1. Кезекпен екі жаққа бұрылғанда екі қолды екі жаққа жіберу.</p> <p>2.2. Оңға, солға иілу.</p> <p>2.3. Қолдың ұшын аяқтың ұшына жеткізу.</p> <p>2.4. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>3. Аяқтың ұшына көтерілу.</p> <p>3.1. Екі аяқтың өкшесін кезек-кезек тоқылдату.</p> <p>3.2. Содан кейін ұшымен топылдату.</p> <p>3.3. Бастапқы қалыпқа келу.</p> <p>(дене шынықтыру, дербес әрекет)</p>				
Таңғы ас	<p>Балалардың беті-қолдарын жуғызып, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу.</p> <p>Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)</p>				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Ертегілер әлеміне саяхат жасайды. (сөйлеуді дамыту)	Ертегі түрлерін естеріне түсіріп, ертегілер жайлы әңгімелеседі. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегілерді сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Сахналаудың түрін таңдап, ертегіні сахналайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Ертегі туралы дидактикалық ойындар ойнайды. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)
Білім беру ұйымының кестесі	Дене шынықтыру "Арқан астынан"	Қазақ тілі "Үш аю" ертегісін	Дене шынықтыру "Иілгіш боламыз".	Музыка "Қоңыраулар"	Дене шынықтыру "Қимылдарды қалай"

<p>бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет</p>	<p>еңбектеу". Мақсат-міндеттері. Биіктігі 40 см арқанның астынан қолды жерге және денені арқанға тигізбей, бір қырымен еңбектеу, 5 м қашықтықта орналасқан затқа дейін оң және сол аяқпен кезек секіру, гимнастикалық орындықтың үстімен құм салынған қапшаларды басына қойып, дене тепе-теңдігін сақтап жүру дағдыларын үйрету. "Кім тез жүгіреді?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Бір сызыққа тұрғызып, белгіленген межеге дейін бастарын төмен түсірмей, аяқтарына шалынбай, аяқ-қол</p>	<p>оқу. Үлкен, орташа, кішкентай". Мақсат-міндеттері. "Үш аю" танымал ертегісінің сюжетін еске түсіру; үш түрлі көлем жайлы "үлкен", "орташа", "кішкентай" түсініктерін бекіту; адамдардың қонақтағы әдепті мінез-құлқы жайлы білімдерін кеңейту. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру) Музыкалық-ырғақты сөздік жаттығу. «Үлкен», «орташа», «кішкентай» туралы ән. Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегідегі заттың көлемін анықтайтын үш сөзді</p>	<p>Мақсат-міндеттері. Балаларға жетекшімен ауыса отырып жүгіруге; құрсаудан еңбектеп өтуді үйрету. Тыныс алу жаттығуы. "Балапандар" жаттығулары: аяқты сәл алшақ қойып алға қарай еңкею, "қанаттарын" артқа апару. Кішкене адыммен жүгіріп, "шип-шип-шип" деу. (20-30 секунд). (дене шынықтыру)</p>	<p>сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуді пысықтау. «Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. (музыка)</p>	<p>танымыз?" Мақсат-міндеттері. Балаларды 20-25 см биіктікке секіру; гимнастикалық қабырғамен оңға, солға ауысу арқылы өрмелеуді үйрету.</p>
---	--	---	--	--	--

	<p>қимылын сәйкестендіріп, еркін жүгіруді үйрету. (дене шынықтыру)</p>	<p>дыбыстап айтуға жаттықтыру.</p> <p>Музыка "Қоңыраулар сыңғыры". Мақсат-міндеттері. Балалардың нәзік те сырлы классикалық музыкаға деген ықыласы мен қызығушылығын арттыру; ән айту кезінде әнді эмоционалды қабылдай білуге үйрету. «Музыкадағы үш кит» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Музыкадағы «Үш кит» тақырыбы бойынша балалардың білімін бекіту. (музыка)</p>			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық				

	дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	<p>Желдің соғуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру; желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желде ағаштардың жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады,</p>	<p>Жапырақтың түсуін бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуге, сұраққа толық жауап беруге үйрету. Бақылау барысы: күз мезгілінің келгендігі, ағаштардан жапырақтар сарғайып жерге түскенін байқауға болатынын айту. Жапырақтар бүкіл жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату.</p>	<p>Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сінетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру. Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу.</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды ағаштардан түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты</p>	<p>Ауа райын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларға күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат туралы мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйеге баулу. Қимылды ойын.</p>

	<p>Аяғы жоқ – қашады. (Жел.)</p> <p>Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру.</p> <p>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.</p> <p>"Өз үйінді тап"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам әрекет ету біліктерін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға түрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің</p>	<p>Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екендігін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.</p> <p>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?</p> <p>- Жапырақтар жел соққанда жерге ағаштан үзіліп, ауада қалықтап барып, жерге баяу түседі.</p> <p>- Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз.</p> <p>Жапырақтары желге ұшады және баяу ұшады, өйткені олар жеңіл.</p> <p>- Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?</p> <p>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай</p>	<p>Тазалықтың досы, Су дегенім осы.</p> <p>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Айна» (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне</p>	<p>қарауға үйретіп, балаларды ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)</p> <p>Ойын ережесін сақтауға (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету.</p> <p>Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.</p> <p>"Ұядағы құстар"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейінділікке тәрбиелеу, қозғалыс</p>	<p>«Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)</p> <p>Балаларды ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу.</p> <p>Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.</p> <p>"Балықшылар мен балықтар қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды ойынның шарты бойынша әділ ойнауға баулу; бір немесе қарама-қарсы бағытта, бір-біріне соғылмай, жылдам жүгіре білуге дағдыландыру; дене бұлшық еттерін нығайту, ептілікті, жылдамдықты</p>
--	---	---	---	--	---

	<p>таңбалауыштарына жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ не ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін, таңбалауыштарды қайта тарату керек.</p> <p>Қимылды ойын. «Желбезекпен жүгіру». (дене шынықтыру)</p> <p>Желбезекті қолға алып жарысу. Кім мәрегебірінші болып жетеді, сол бала жеңімпаз болады.</p> <p>Еңбек: тәрбиешіге көмек.</p> <p>Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау.</p> <p>Өз бетімен</p>	<p>болды?</p> <p>- Күз келгенде олар қалай өзгерді? Қайың жапырақтарының түсі қандай? (Алтын сары.)</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбырдан кейінгі шалшықты баспау үшін, биік</p>	<p>тәрбиелеу.</p> <p>Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа). Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады.</p> <p>Еңбек: «Балалармен</p>	<p>үйлесімділігін дамыту.</p> <p>"Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Санамақ арқылы жүргізушіні тағайындауға, ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; кеңістікті бағдарлауға, жалтарып жүгіруге; жылдамдыққа, шапшаңдыққа, зейінділікке тәрбиелеу. Сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты. Балалардың ішінен біреуін "қасқыр" етіп сайлайды, қалғаны "аққу-қаздар" болады.</p>	<p>дамыту.</p> <p>Балалар "балықшыларды" (бір-екі бала) санамақпен тағайындайды, қалған балалар "балықтарды" сомдайды. Белгі бойынша "балықтар" алаңның бір жағынан екінші жағына, бірін-бірі итермей, соғылмай, жылдам жүгіреді. Сол кезде алаңның ортаңғы екі шетінде тұрған "балықшылар" "балықтарды" қолмен түртіп, ұстап алуға тиісті. Ойынның соңында балалар "балықшылар" ұстаған "балықтарды" санайды, кімнің көп</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>ойындар: «Желбезекпен ойын». Қолайлы жағдай жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.</p>	<p>жерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұрулары тиіс. Ересектермен бірге орындалатын карапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктерін бекіту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр</p>	<p>бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. Өз бетімен ойындар. Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау.</p>	<p>"Құсшы" болып алғашында педагог, кейін балалардың біреуі ойынды жүргізулері мүмкін. Құсшы құстарды жем жеуге босатады да, былай дейді: - Аққу-қаздар! (Ға-ға-ға!) - Жем жедіңдер ме? (Иә, иә, иә!) - Су іштіңдер ме? (Жо-оқ, жо-оқ!) Құсшы: - Суға ұшып келіңдер! Ошаққа абайлап жетіңдер! Сақ болыңдар, аш қасқыр келеді! "Аққу-қаздар" иелеріне қарай ұшулары керек. Ал, "аш қасқыр" болса, құстарды ұстап алып жеуге тырысады. Ұсталған "аққу-</p>	<p>балық ұстағанын анықтайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Еңбек: гүлдерден гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу. Өз бетімен ойындар. «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.</p>
--	--	---	--	--	--

		<p>аппаратын, күш-жігерін дамыту.</p> <p>Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар.</p> <p>Мақсат-міндеттері.</p> <p>Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.</p>		<p>қаздар", "қасқырға" көмектеседі.</p> <p>Сөйтіп, аққу-қаздар азайып біткенше ойын жалғасады.</p> <p>Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу.</p> <p>Балалардға ересектерге көмектесуді үйрету.</p> <p>Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар.</p> <p>Доппен ойын.</p> <p>Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін оята білу.</p>	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен				

	шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)
Күндізгі ұйқы	"Алтын балық" ертегісін оқып беріп, балаларды ұйықтату. (көркем әдебиет)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама (сұқ саусақпен ескерту жасау) Жек көремін оныңды (сұқ саусақты оң және сол жаққа қозғау) Бүлдіресің қолыңды (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырықтап кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін (мәшиненің рулін айналдыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)
Бесін ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Балалардың мәдени-гигиеналық дағдылар туралы, кейбір жұқпалы аурулардың себептері туралы білімдерін кеңейту. Көркемсөз Қолды жусақ әрқашан, Ауырмайды ішіміз. Тазалықты сақтасақ, Ауырмаймыз ешқашан. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркемсөз)

<p>Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)</p>	<p>Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Ойыншықтар фабрикасына саяхат" ертегісін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ф], [п], [б] дыбыстары" Мақсат-міндеттері. Балаларды ойыншықтар фабрикасы туралы ертегі мазмұнымен таныстыру; ертегі жанры туралы ұғымдар қалыптастыру; ойыншықтардың пайда болуы туралы жаңа мәліметтер беру. Фонетикалық ритмика. "Па-ба-па, па-ба-па, жүреді жолда арба".</p>	<p>Сурет салудан ойын-жаттығу "Ғажайып әлемінің шамдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға дымқыл қағаз бетіне акварельге малынған қылқалам ұшымен шамдар тәріздес дақтарды және дақтардан жан-жаққа шашыраған сәулелерді салу техникасын үйрету. Саусақ жаттығуы. Ғажайып шамдар, Алғашында дақ боласындар. Сәулелеріңді шашып, Жарқырап жайнайсындар. Жанып-сөніп, Жанып-сөніп Жарқырап жанасындар. (сөйлеуді дамыту)</p>	<p>Жапсырудан ойын-жаттығу "Ағаштарды қар басты". Мақсат-міндеттері. Балаларды қоңыр түсті қағаздың үстіне алақандарын бастырып, қайшының көмегімен қиып алып, ағаштың діңі мен ұшар басын көк түсті қағаздың үстіне, дәл ортасына орналастырып, әдемілеп жапсыруды үйрету. Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын құс". Мақсат-міндеттері. Балаларды ертегі мазмұнымен таныстыра отырып, ертегіде кездесетін көркемсөздердің мағынасын түсіндіру;</p>	<p>Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Түрлі пішіндерге толған ғажайып көлік. Шаршы, дөңгелек, үшбұрыш". Мақсат-міндеттері. Балалардың үшбұрыш, дөңгелек және шаршы сияқты геометриялық пішіндердің қасиеттері жөнінде білімдерін тиянақтау. Дамытушы ойын. "Ғажайыптар көлігін жөндейік." Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді атауды, сөзбен сипаттауды үйрету. (сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу</p>	<p>Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Өсімдіктер күтімі". Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме өсімдіктерімен таныстыру; бөлме гүлдерінің аттарын жатқа айтуға және оларды көргенде тануды үйрету. "Бөлме өсімдіктерін күтейік" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бөлме өсімдіктерінің атауларын, оларды күту ерекшеліктерін балалардың есіне түсіру, бірігіп жұмыс істеуді үйрету, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Кім қалай сөйлейді?"</p>
---	---	--	---	---	--

	<p>Дидактикалық ойын. "Сиқырлы сөздер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдам ойлауға, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Педагог кез келген сөзді айтады, балалар жақсылап ойланып, сол сөзге ұқсас сөзді айтуы қажет. Мысалы: қасық - асық, тал - тау, тар - қар, алақан - алақай. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p> <p>Вариативті компонент. Математика негіздері "Еркежан әже қонаққа келді". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды бірінің үстіне бірін қою, жұптастыру</p>	<p>«Вагондарға дөңгелек таңдау». Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерді ажыратуды, олардың қасиеттерін білуге жаттықтыру, ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: қағазға салынған вагондар, әртүрлі геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар вагондарға лайық дөңгелектерді әртүрлі пішіндердің ішінен табады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)</p>	<p>ертегідегі кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін сипаттай білуге үйрету. Дидактикалық ойын. "Алтын құс ертегісінің кейіпкерлерін тап". Мақсат-міндеттері. Бірнеше ертегі кейіпкерлерінің суреттерін көрсетемін, сендер суреттерге мұқият қарап отырып, «Алтын құс» ертегісінің кейіпкерлерінің суреттерін табуға дағдыландыру. Дидактикалық ойын. "Кім (не) алғашында не немесе кім болды?" Мақсат-міндеттері.</p>	<p>"Сиқырлы кемпірқосақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға кемпірқосақ туралы түсінік бере отырып, олардың түстерімен таныстыру; кемпірқосақ түстерін бір-бірінен ажыратып, оларды атау дағдыларын жетілдіру. Дидактикалық ойын. "Саңырауқұлақтың үйіндегі кемпірқосақ түстерін тап". Мақсат-міндеттері. Табиғат құбылыстарына қатысты жұмбақты шешу. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)</p>	<p>дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорын кеңейту, реакция жылдамдығын дамыту. Барысы: педагог балаларға допты кезекпен лақтырады, жануарларды атайды. Допты қайтарған балалар жануардың қалай дыбыстайтынын айту керек. Сиыр мөңірейді. (Мө - мө) Жолбарыс ақырады. (Ырр-ырр) Жылан ысылдайды. (Ысс-ысс) Маса ызыңдайды. (Ызз-ызз) Ит үреді. (Ап-ап) Қасқыр ұлиды. (Уу-уу) Мысық мияулайды.</p>
--	--	--	--	--	---

	<p>арқылы салыстыру, тәсілдерін меңгерту; "жоғарыда - төменде", "біреу - көп" ұғымдарын бекіту; әртүрлі белгілері бойынша заттарды топтастыру.</p>		<p>Ойлауды дамыту, сөздікті кеңейту, істің соңын бекіту. Қозғалыс: педагог балалардың кез келгеніне допты лақтырады, затты немесе жануарды атайды, бала педагогке допты қайтарғанда аталған заттың кім (не) екені туралы сұраққа жауап береді:. Тауық - жұмыртқа. Нан - ұн. Жылқы - құлын. Шкаф - тақтай. Сиыр - бұзау. Велосипед - темір. Көйлек - мата. Балық - жұмыртқа. Етік - тері. Алма ағашы - тұқым. Үй - кірпіш. Күшті - әлсіз. Көбелек - құрт. Ересек - бала.</p>		<p>(Мияу-мияу) Шошқа қорсылдайды. (Қорс- қорс) (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)</p>
--	--	--	---	--	---

<p>Балалармен жеке жұмыс</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Сөзді өзгерт». Педагог: - Балалар, «Қыс» деген сөздегі соңғы «-с» дыбысын алып тастап, орнына «-з» дыбысын қойсақ қандай сөз шығады? Сөздегі бір дыбысты өзгерткенде сөздің мағынасы өзгеріп кететіні туралы түсінік береді. «-с» дыбысына аяқталатын сөздерді айтады, «-с» дыбысының орнына «-з» дыбысын қойып, сөзді өзгертіп айтуды ұсынады. - Жас- ... (жаз). - Қас- ... (қаз). - Түс- ... (түз). Қыз, қыр Жаз, жақ Қаз, қар</p>	<p>Дидактикалық ойын. «Қай қолымда көп». Мақсат-міндеттері. Аз және көп заттарды ажыратуды, салыстыруды жаттықтыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ұсақ заттар: моншақтар, түймелер. Ойынның мазмұны: ортаға бір баланы шақырып, оң және сол қолына көп және аз заттарды ұстатады. Бала қолда саны көп зат барын, қай қолында саны аз зат барын анықтайы. Одан кейін заттарды қатарымен қойып, қай қатарда көп, қай қатарда аз зат тұрғанын</p>	<p>"Айырмашылықта рды тап" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Есте сақталатын заттарды салыстыра білуді дамыту, олардан ұқсастықтар мен айырмашылықтарды табу. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: сюжеттік карталар. Сипаттама: 2-3 минут ішінде балаға карточкасын көрсету. Содан кейін оған басқа кейбір заттар немесе әрекеттер жоқ немесе ауыстырылған екінші картаны ұсыныңыз. Бала не өзгергенін анықтауы керек. (математика</p>	<p>Дидактикалық ойын «Сипаттамасы бойынша тап». Мақсат-міндеттері. Ұзын - қысқа, кең - тар, биік - аласа ұғымдарын бекіту. Ойынның құрал-жабдықтары: жануарлар және құстардың ойыншықтары. Ойынның мазмұны: балалар аю, түлкі, қасқыр, қоянның ойыншықтарын қарастырады. Әр ойыншықты анықтайды, оның атыауын айтады. Ойнаушылардың біреуі бөлмеден шығып кетеді, басқа ойнаушылар ойыншық туралы жұмбақ құрастырады.</p>	<p>"Кім, қайда тұрады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың көру қабілетін, зейінін дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: әртүрлі жануарлардың "отбасылары" мен олардың үйлерінің суреттері, ретсіз тәртіпте берілген жануарларды үйлерімен байланыстыратын сызықтар салынған суреттер. Сипаттама: сызықтар бойынша қарындашты өткізбей, кімнің үйі қайда екенін анықтау керек. (сөйлеуді дамыту)</p>
-------------------------------------	--	--	---	--	---

	Тұз, тас (сөйлеуді дамыту)	салыстырады. (сөйлеуді дамыту)	негіздері, сөйлеуді дамыту)	Жұмбақ құрастырғаннан кейін жұмбақты шешетін баланы шақырады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	
Серуенге дайындық	<p>Мақсат-міндеттері:</p> <ul style="list-style-type: none"> - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуге дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-қиім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіпті сақтауды ұстануға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. <p>(дербес әрекет)</p>				
Серуен	<p>Желдің соғуын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың бақылау дағдыларын қалыптастыру;</p>	<p>Жапырақтың түсуін бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Күздің ерекшеліктері туралы ойын толық жеткізуді, сұраққа</p>	<p>Шалшық суды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Балалардың назарын жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға аудару. Жаздың ыстық</p>	<p>Аула сыпырушының жұмысын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушының</p>	<p>Ауа райын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Алдымен, күзгі өзгерістер туралы және өлі табиғат</p>

	<p>желдің соғуын анықтау; ағаштардың қозғалуы, бұлттардың аспанда тез көшуі, қатты желден ағаш жапырақтарының түсуі, жел бағытын анықтау. Жаздың күні жел қандай болады, ағаш басының қозғалуы; күзбен салыстыру. Жұмбақ. Қанаты жоқ – ұшады, Аяғы жоқ – қашады. (Жел.)</p> <p>Тәжірибе. Желге қарсы жүгіру.</p> <p>Қорытынды. Желге қарсы жүгіру қиын.</p> <p>"Өз үйінді тап"</p> <p>қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)</p> <p>Мақсат-міндеттері. Ептілікті, белгі бойынша жылдам</p>	<p>толық жауап беруді үйрету.</p> <p>Бақылау барысы: күз мезгілінің келгені, ағаштардан жапырақтары сарғайып жерге түсуінен байқауға болатынын айту.</p> <p>Жапырақтар жерге түсіп, айналаның барлығы сары алтынға боялғанын байқату. Сары ағаштар, сары жапырақтар, гүлзарлардың барлығы сап-сары екенін айту, күз мезгілін «алтын күз» деп атайды.</p> <p>- Жапырақтардың сыбырлағанын естідіңдер ме?</p> <p>- Жел соққанда жапырақтар ағаштан үзіліп, ауада қалықтап, баяу жерге</p>	<p>күнінде шалшық сулардың жерге жылдам сіңетініне, ал күзде салқын түскенде жерге ұзақ уақыт сіңбей, батпақ болып жататынына мән беру.</p> <p>Көркемсөз.</p> <p>Сылдырлайды мөлдір су,</p> <p>Мөлдір суға бетінді жу.</p> <p>Тазалықтың досы, Су дегенім осы.</p> <p>Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру.</p> <p>Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Бір аяқпен жолдан секіру». (дене</p>	<p>еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығы; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегінің нәтижесіне ұқыпты қарауға үйретіп, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Мақал-мәтел.</p> <p>Еңбексіз өмір – сөнген көмір.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны).</p> <p>(дене шынықтыру)</p> <p>Ойын ережесін сақтауға (белгіден</p>	<p>туралы балаларға мәлімет беру: ауа температурасының төмендеуі, күннің суытуы; бұлтты және жаңбырлы күндер, аспанның сұрланып бұлыңғыр тартуы, бұлттың көшуі, күн көзінің сирек шығуы, жапырақтардың сарғайып жерге түсуі. Табиғатты сүйеге баулу.</p> <p>Қимылды ойын.</p> <p>«Қыз қуу» қазақ халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру)</p> <p>Балаларға ойын ережелерін сақтауды үйрету. Алаңда дұрыс қозғала білу. Бір-бірлеріне кедергі жасамау. Дабылға жылдам назар аудару.</p> <p>Еңбек: гүлдерден</p>
--	--	---	--	--	---

	<p>әрекет ету білігін дамыту, ойын ережесін нақты орындауға дағдыландыру. Балаларға әртүрлі таңбалауыштар үлестіріледі. Белгі бойынша балалар алаңның түрлі жерлерінде жапсырылған белгілі үлкен таңбалауыштарға, өздерінің таңбалауыштарына сай жүгіреді. Кім өз орнын бірден таба алмаса, балалардың қалаулары бойынша тақпақ немесе ән айтып береді. Ойынды екінші рет өткізу үшін таңбалауыштарды қайта тарату керек.</p> <p>Қимылды ойын. «Желбезекпен</p>	<p>түседі. Байқадыңдар ма? Бұл жапырақтың түсуі. Қоңыр күз, қоңыр күз. Жапырақтар желге баяу ұшады, жапырақтар жеп-жеңіл. Барлық ағаштар жапырақтардың түсін өзгертті ме?</p> <p>- Жазда ағаштар мен бұталар қандай болды?</p> <p>- Күздің келуімен олар қалай өзгерді?</p> <p>Қайыңның жапырақтары қандай түсті? (Алтын сары.)</p> <p>"Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне</p>	<p>шынықтыру) Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету.</p> <p>Қимылды ойын. «Айна» (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қимылдардың мәнерлілігі мен шеберлігіне тәрбиелеу. Ойын барысы. Ойыншылар алаңда тұрады, жүргізуші оларға қарсы жағында болады. Балалар жүргізушінің айнадағы көрінісі болады. Жүргізуші «айна алдында» әртүрлі еліктеу әрекеттерін орындайды (тарау, киімді түзету және тағы басқа).</p>	<p>соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдықпен күш жігерді дамыту.</p> <p>"Ұядағы құстар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша екі аяқпен секіру; ептілікке, зейіндікке тәрбиелеу, қозғалыс үйлесімділігін дамыту.</p> <p>Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу. Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге құштарлықтарын дамытып, ұқыптылыққа тәрбиелеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. Доппен ойын.</p>	<p>гүлшоғын жасау. Сұлулықты сезінуге баулу. Жеке істерін қошеметтеу.</p> <p>Өз бетімен ойындар. «Сүйікті ойыншықтармен ойнау». Қуанышты жағдайлардың туындауына жағдай жасап, әр баланың өзінің қызықты ісімен айналысуына мүмкіндік беру.</p>
--	---	--	---	--	--

	<p>жүгіру». (дене шынықтыру) Желбезекті қолға алып жарысу, кім бірінші мәреге жетеді, сол бала жеңімпаз болады. Еңбек: тәрбиешіге көмек. Үлкендерге қызмет көрсету, ауланы тазартуға қатысу, жапырақтарды жинау. Өз бетімен ойын ойнау. «Желбезекпен ойын». Ыңғайлы жағдайларды жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды дамыту. Көтеріңкі көңіл күйде болу.</p>	<p>соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар жаңбыр шалшықтарын баспау үшін, биіктіктерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: кұрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс жасау</p>	<p>Ойыншылар жүргізушімен бір уақытта оның қимыл-әрекетін, тек қимылдарды ғана емес, сонымен қатар мимикасын да дәл жеткізуге тырысу керек. Жүргізушінің рөлін тәрбиеші де, бала да орындай алады. Еңбек: «Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуге және үлкендерге көмектесуге үйрету. Өз бетімен ойналатын ойындар. Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа).</p>	<p>Әр балаға доппен ойнауға мүмкіндік беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезімін ояту.</p>	
--	---	---	--	--	--

		<p>біліктілігін бекіту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы қосылуға тәрбиелеу.</p>	<p>Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, тату ойнауларын қадағалау.</p>		
--	--	--	--	--	--

Серуеннен оралу	Балаларға киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркемсөз, сөйлеуді дамыту)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, қазақ тілі, сөйлеуді дамыту) Көлеңкелі театрды сахналау. Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында ертегі кейіпкерлерін мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (кұрастыру) Еркін ойын: "Тақия тастамақ" ұлттық ойыны. Мақсат-міндеттері. Бұл ойын балаларды жылдамдыққа, сезгіштікке, сақтыққа, тығырықтан шығуға үйретеді. Барысы. Балалар дөңгеленіп, шеңбер құрап отырады. Балалардың арасынан бір бала таңдалады, қалғандары көздерін жұмып отырады. Таңдалған бала дөңгеленіп отырған балаларды айнала ақырын жүреді, бір баланың артына тақияны білдірмей тастап кетеді. Тәрбиеші белгісінен кейін балалар көздерін ашады. Жан-жағына жылдам қарап, тақияны өзінде екенін білген бала орнынан жылдам тұруы керек. Егер орнынан дер кезінде тұра алмаса, онда өз өнерін көрсетеді: тақпақ, өлең, би және тағы басқа. Орнынан жылдам тұрып үлгірген балаға ұлттық ою-өрнек бейнесі беріледі. Көп ою жинаған бала жеңімпаз болады. Ойын ережесі. Ойын кезінде ойын ережелерін бұзбау. Балалар тақия тасталғанда көзді жұмып отыру керек. Итеруге, күш көрсетуге жол берілмейді.				
Балалардың үйге	«Баланың бос	Баланың өздігінен	"Баланың сұрағына	"Бала - біздің	Ұйымдастырылған

қайтуы (ата-аналарға кеңес)	уақытын дұрыс ұйымдастыру» тақырыбына әңгімелесу.	орындайтын жұмыстары туралы әңгімелесу.	ашуланбай жауап бересіз бе?" тақырыбында әңгімелесу, сауалнама жүргізу, кеңес беру.	айнамыз" тақырыбында әңгімелесу.	іс-әрекеттің бір апталық жұмысы туралы әңгімелесу.
-----------------------------	---	---	---	----------------------------------	--

Әдіскер: А.А.Сүлейменова